




## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 3 қыркүйек

### Дамушы нарықтарға шолу

Дамушы нарықтарға инвестициялардың көлемі соңғы жылдары айтарлықтай өсті. Инвесторлар үшін олардың ІЖӨ-нің жоғары өсуі, экономикаларды жалғасып отырған әртараптандыру және мемлекеттік институттардың нығаюы дамушы нарықтардың тартымдылығына негіз болып табылады. Мәселен, дағдарыстан кейін 2009 жылы дамушы елдердің ІЖӨ 1.9%-ға өсті, ал дамыған елдердің ІЖӨ 3.5%-ға қысқарды. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Монетарлық операциялар департаментінің директоры Әлия Молдабекова айтып берді.

Ол дамыған елдердегі ұзақ ультражұмсақ монетарлық саясаттың кірістілік мөлшерлемелерінің төмендеуіне әкелгендігін, оның нәтижесінде қорлардың басқарушылары жоғары кірістілікті іздеуде қаражатты дамушы нарықтардың активтеріне, атап айтқанда облигацияларға инвестициялағандығын атап өтті (1-график). Сонымен қатар, дамушы нарықтардың активтері олардың құнының құбылмалылығына әкелетін жоғары тәуекелдермен сипатталады.



Дереккөзі: Bloomberg, ICE индекстері

Дамушы нарықтардағы капитал ағындары циклдық сипатта болады. Мәселен, 2009-2012 жылдардағы активтердің әкелінуінен кейін ізінше 2013-2015 жылдары әкетулер болды (2-график). Бұл ретте 2017 жылы дамушы нарықтардың облигациялар қорлары 68.9 млрд. АҚШ доллар қаражаттың рекордтық қосылуына ие болды.

«Ұлттық Банк 2011 жылдан бастап Қазақстан Ұлттық Банкінің алтынвалюта активтерінің стратегиялық портфелі шеңберінде дамушы нарықтардың АҚШ долларына деноминирленген облигацияларына инвестициялар жүргізді. Сондай-ақ Ұлттық Банк жаңа Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасын іске асыру мақсатында дамушы нарықтардың АҚШ долларына деноминирленген облигацияларына инвестициялау арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін әртараптандыру жөніндегі жұмысты жүргізуде», - деді Ә.Молдабекова.



Дереккөзі: EPRF-ға сілтеме жасай отырып Financial Times


Оның айтуынша, 2018 жылдың басынан бастап дамушы елдер активтерінің бағасы бірқатар факторлардан туындаған қысым аясында болды.

«АҚШ экономикасының қалпына келуінің сенімді қарқындары Федералды Резервтік Жүйеге жыл басынан бастап пайыздық мөлшерлемелерді екі рет көтеруге және бірте-бірте монетарлық қатаңдату саясатын жалғастыруға мүмкіндік берді. АҚШ-тың 10 жылдық мемлекеттік облигацияларының кірістілігі соңғы 7 жыл ішінде алғаш рет 3%-дан жоғары деңгейге дейін көтерілді. Болжанатын төмен тәуекелді ескере отырып, бұл АҚШ нарығының тартымдылығын айтарлықтай арттырды. АҚШ-тың салық заңнамасына реформа жүргізуі сондай-ақ АҚШ-қа қаражаттың әкелінуінің маңызды факторы болды, ол АҚШ компанияларына өзінің шетелдік активтерін жеңілдік мөлшерлемесі бойынша репатриациялауға мүмкіндік берді» - деп түсініктеме берді Қазақстан Ұлттық Банкінің өкілі.

Ә. Молдабекованың айтуынша, Қытайдан және АҚШ-тың басқа бас сауда әріптестерінен импортқа тарифтер енгізу және АҚШ-тың Ресей Федерациясына қарсы сәуірде қосымша санкциялар енгізуі дамушы нарықтар үшін тәуекел факторы болып табылады. Қытай және Еуроаймақ тарапынан қарсы жауап қату инвесторлардың ауқымды «сауда соғыстары» салдарынан жаһандық экономикалық белсенділіктің

баяулауы бойынша қауіптерін туындатты. Аталған тәуекелдердің аясында дамушы елдердің активтерін жаппай сату басталды. Бұл ретте, жеке елдердің – Аргентина, Түркия, Бразилияның валюталарының әлсіреуі ішкі факторлармен күшейе түсті (3-график).

**3-график. Дамушы елдер валюталары бағамдарының АҚШ долларына қарағанда өзгеруі, % (2018 жылдың басынан бастап 2018 жылғы 24 тамызға дейін)**



*Дереккөзі: Bloomberg, ICE индекстері*

Мысалы, Аргентинада инфляцияның жоғары деңгейі (31%) және ағымдағы шоттың теңгерімі тапшылығының жоғары деңгейі (ІЖӨ-нің 5.2%-ы) мен мемлекет бюджетінің тапшылығы (ІЖӨ-нің 3.2%-ы) Аргентина песосының күрт әлсіреуіне әкелді. Аргентинаның Орталық банкі мөлшерлемені көтерді, ал үкімет ХВҚ-дан көмек сұрауға мәжбүр болды.

«2018 жылғы 15 мамырда Түркияда кезектен тыс сайлау қарсаңында Президент Эрдоган «атқарушы биліктің ақша-кредит саясатына белсенді ат салысуы жөнінде» мәлімдеді, ол әлемдік сауда-саттық пен геосаясаттағы шиеленіспен қатар, дамушы елдердің валюта нарығына қатысушылардың теріс ден қоюын туғызып, Түрік лирасының әлсіреуіне әкелді. Түрік лирасының құлдырауына жауап ретінде Түркияның орталық банкі пайыздық мөлшерлемелерді көтеріп, монетарлық саясатты одан әрі қатайтуға дайын екендігі жөнінде ескертті.

Бразилияда орталық банк экономиканың баялау және инвесторлардың сенімі нашарлауы аясында пайыздық мөлшерлемелерді тарихи төмен (6.5%) деңгейлерде амалсыз қалдырады. Бұл ретте осы саясат бағаның екпінді өсуімен қарсы күресті қамтамасыз етпейді, ал соңғы екі жылдағы саяси дағдарыс халық арасында қарсылықты одан да арта туындатады», - деп хабарлады Ә. Молдабекова.

Ол Ресей рублі мұнай нарығының оң серпініне және экономиканың өсу қарқынының қалпына келуіне қарамастан, Америка жаңа санкцияларды енгізу тәтижесінде жыл басынан бері 16%-ға құнсызданды деп толықтырды. Сәуірде АҚШ-тың Қаржы министрлігі санкцияға түсетін компаниялар мен жеке тұлғалардың тізімін кеңейтті және тамызда металдардың экспорттық секторына және қаржыландырудың долларлық көзіне қысым жасай отырып, ұлттық қауіпсіздікпен байланысты тауарлар экспортына қосымша санкцияларды енгізді. Инвесторлардың санкциялар кеңею мүмкіндігі жөніндегі қауіптері басқа да активтерден қаражаттың әкетілуіне әкеп соқты. Жыл басынан бері федералды қарыз облигацияларының нарығында бейрезиденттердің үлесі 33%-дан 28%-ға дейін төмендеді.

«Әлемдегі екінші экономиканың валютасы – Қытай юанінің әлсіреуі Президент Трамптың ағымдағы жылғы маусымда Қытайдан АҚШ-қа жасалатын экспортқа 50 млрд АҚШ доллары көлемінде тарифтерді енгізуге байланысты болды. Қытайдың жауап

ретіндегі шаралары, сондай-ақ Қытай экспортына қосымша 200 млрд АҚШ долларына тарифтерді кеңейту қаупі экономиканың өсімі бойынша айқынсыздықтың артуына әкелді. Сонымен қатар, «сауда соғыстары» аясында Қытайдың ІЖӨ өсімінің қарқыны баялау тәуекелі және Үкіметтің экономиканың артық кредиттелу деңгейін төмендету жөніндегі шаралары салдарынан ҚХР-дың орталық банкі экономиканы монетарлық ынталандыруды қайта жаңғыртты, ол юаньнің одан әрі әлсіреу үрдісіне ықпал етті», - деді Ә. Молдабекова.

Ірі дамушы елдердің валюталары арасында жылдың басынан бері Мексика песосы ғана нығайды. НАФТА (Еркін сауда туралы Солтүстік Америка келісімі) бойынша АҚШ-пен келіссөздердегі алға ілгерілеу, сондай-ақ Мексиканың жаңадан сайланған Президенті Лопес Обрадордың сындарлы риторикасы инвесторлардың сенімділігіне оң ықпал етті. Мексика песосының нығаюына оң факторлар - мұнай бағасының өсуі және АҚШ-тың негізгі сауда әріптесі АҚШ экономикасы өсуінің қалыпты қарқыны. Осының салдары бағаның құрылымдық өсуі Мексиканың орталық банкіне экономиканы монетарлық қатаңдатуды жалғастыруға мүмкіндік берді, бұл валютаның нығаюына әкелді.

Ә.Молдабекова түсіндіргендей, дамушы елдер валюталарының әлсіреуі бойынша жалпы үрдіс Қазақстанды да айналып өткен жоқ. Ұлттық Банктің ноттарын бейрезидент ұстаушылар көлемінің және айырбастау бағамының кері тәуелділігі бар. Мәселен, бейрезидент ұстаушылардың наурызда байқалған ең жоғары көлемі – 453.9 млрд теңге (баламасы 1.43 млрд АҚШ доллары) 2018 жылы ұлттық валюта нығаюының шегіне келді (1 АҚШ доллары үшін 318.31 теңге). Наурыздан бері бейрезидент ұстаушылардың үлесі 2018 жылғы 23 тамызда 132.05 млрд теңгеге (баламасы 0.37 млрд АҚШ доллары) жетіп, төмендей бастады. Жылдың басынан бері ұлттық валютаның жиынтық әлсіреуі 8.8%-ды (24.08.2018 жылғы жағдай бойынша) құрады.

«Жалпы алғанда, экономикалық индикаторлар дамушы елдер нарықтарының оң болашағын растап отыр. Мәселен, ХВҚ 2018 жылғы шілдеде әлемдік экономиканың өсу болжамын 3.9% деңгейінде және дамушы елдердің өсу болжамын 2018 және 2019 жылдары тиісінше 4.9% және 5.1% деңгейінде сақтады. Дамушы елдер облигацияларының кірістілігіне сыйлықақы да айтарлықтай. Осылайша, дамушы нарықтар облигацияларының индекстерін өтеуге кірістілік 5.7%-ды, АҚШ облигациялары 2.8%, аса дамыған жеті елдің облигациялары 1.5%-ды құрайды. Сонымен қатар дамушы нарықтардың активтері үшін негізгі тәуекелдер АҚШ-тың санкциялық және сауда саясаты бөлігіндегі шиеленісті одан әрі жою және дамыған елдердің ірі орталық банктері тарапынан ақша-кредит саясатын неғұрлым «агрессивті» қалыпқа келтіру болып қалуда», - деді қорытындысында Ә.Молдабекова.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)